

Астана қаласы Білім басқармасы  
М.Тынышпаев атындағы ҚазККА Ақмола колледжі

Құрастырған:  
ТІЖ директор орынбасары  
\_\_\_\_\_ А.Сарсенбаева



Бекітемін  
Колледж директоры  
\_\_\_\_\_ Г.Т.Нурманова  
« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2022 ж.

2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары

«\_31\_» \_\_\_\_\_ 08 \_\_\_\_\_ 2022 ж №1 хаттама педагогикалық кеңес отырысында қаралды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым  
министрлігінің «06» сәуір 2020 ж.№130 бұйрығына сәйкес  
құрастырылды.

## 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары

### Тақырыбы: «Тұлғаны жан – жақты дамыту»

**Мақсаты:** Жалпыадамдық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу.

#### Міндеттері:

1. Тұлғаның саяси мәдениетін дамытуға, жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті, азамат және патриотты қалыптастыруға көмектесу, олардың бойында балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұру дайындығын, құқықтық санасын, балалар мен жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қоғам өмірі дәстүрлері және нормаларымен үйлестірілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыру мүмкіндігін туғызу.
3. Тұлғаның ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысына, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруға, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруге ықпал ету.
5. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
6. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, табиғат сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын тәрбиелеуіне; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетін жоғары деңгейде дамытуына жағдай жасау.
7. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиетін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістігін, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруына ықпал ету.
8. Салауатты өмір салты дағдыларын, дене дамуы мен психологиялық денсаулығын сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

**Ескертпе:** Тәрбие жұмысының жоспары 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспарына, «Jastar KZ» жобасына негізделіп жасалды

**Тәрбие жұмысының бағыттары:**

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
7. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
<b>I. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету</b>				
1.	Қазақстан Республикасының Конституциясы	нормативтік құжат	барлық бөлімшелер	жыл бойы
2.	Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы	нормативтік құжат	барлық бөлімшелер	жыл бойы
3.	2025 ж. дейін Білімді дамыту тұжырымдамасы	нормативтік құжат	барлық бөлімшелер	жыл бойы
4.	2015-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы	нормативтік құжат	барлық бөлімшелер	жыл бойы
5.	«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздер	нормативтік құжат	барлық бөлімшелер	жыл бойы
6.	Неке және отбасы кодексі	нормативтік құжат	барлық бөлімшелер	жыл бойы
<b>II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету</b>				
1.	Топ жетекшілер кеңесі жұмысын ұйымдастыру	ереже	Директордың ТІЖ орынбасары	қыркүйек
2.	Топтағы тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар	жадынама	Директордың ТІЖ орынбасары	қыркүйек, ақпан
3.	Жастар ісі жөніндегі комитет, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, медициналық қызметкер, тәрбиеші жұмыстарына ақпараттық көмек көрсету	жадынама	Директордың ТІЖ орынбасары	жыл бойы
<b>III. Іске асыру тетіктері: тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар</b>				

1. Бағыты: жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие				
Мақсаты: Отанға ұтымды және эмоционалды қарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру.				
1.	«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм» 1 қыркүйек – Білім күніне арналған білім сағаты	Ақпарат, хаттама	Директордың ТІЖ орынбасары Топ жетекшілері	01.09.2022 ж
2.	«Адалдық сағаты» топ жетекшілік сағаттары	Ақпарат	Директордың ТІЖ орынбасары Топ жетекшілері	қыркүйек
3.	ҚР-сы Президентінің жолдауын талқылау, пікір алмасу, дөңгелек үстел	Ақпарат, хаттама	Директордың ТІЖ орынбасары Тәрбие және ӘЖЖӘ әдіскері Топ жетекшілері	қыркүйек
4.	«А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл» танымдық сағаты	Ақпарат,есеп	Әдістемелік бөлім, тіл мамандары	қыркүйек
5.	«Туған жерім» Республика күніне арналған фото көрме	Ақпарат,есеп	Директордың ТІЖ орынбасары Тәрбие және ӘЖЖӘ әдіскері Топ жетекшілері	қазан
6.	«Тәуелсіздік – бақыт» ҚР-сының тәуелсіздігінің 31 жылдығына арналған іс шара	Ақпарат,есеп	Жастар ісі жөніндегі комитет Топ жетекшілері	желтоқсан
7.	«Құқық білгірлері» интеллектуалды ойын	Ақпарат,есеп	Директордың ТІЖ орынбасары Жастар ісі жөніндегі комитет Топ жетекшілері, Педагог-психолог	ақпан
8.	«Жас сарбаздар» - 7 мамыр Отан қорғаушылар күніне арналған саптық жүріс және ән байқауы	Ақпарат, талдау	АӘД, дене тәрбиесі пәнінің оқытушылары, Топ жетекшілері	мамыр
9.	«Ұлы Жеңіс» Жеңіс күніне арналған музыкалық-әдеби композиция	Ақпарат,хаттама	Жастар ісі жөніндегі комитет Топ жетекшілері	мамыр
10.	«Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері» мемлекеттік рәміздер күніне арналған топ сағаты	Ақпарат, хаттама	Жастар ісі жөніндегі комитет Топ жетекшілері	маусым
11.	Оқу топтарында және жатақханада Сарыарқа ауданының ІІБ полиция қызметкерлерімен, құқық қорғау органдары, жастар ұйымдарының өкілдерімен кездесу	Хаттама	Директордың ТІЖ орынбасары Топ жетекшілері Педагог-психолог	жыл бойы
12.	«Саналы ұрпақ» жобасы аясында ақпараттық жұмыстар жүргізу	Ақпарат	Директордың ТІЖ орынбасары	жыл бойы
13.	Пікір-сайыс, пікірталас клубтарын, патриоттық форумдарды, акцияларды, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікке шақыратын онлайн акциялар қатысу	Хаттама	Директордың ТІЖ орынбасары Жастар ісі жөніндегі комитет Топ жетекшілері, Педагог-психолог	жыл бойы

2. Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие  
 Мақсаты: тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормалары мен дәстүрлерімен келісетін рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы "Рухани жаңғыру" құндылықтары негіздерінің, оның ішінде "Құндылықтарға негізделген білім беру", "Қоғамға қызмет" жобаларын іске асыру арқылы терең түсінігін қалыптастыру.

1.	«Жақсылардың - жақсы» музейлік танымдық сабақ	ақпарат, есеп	Кітапхана меңгерушісі Топ жетекшілері Ұлттық музей қызметкерлері	қыркүйек
2.	«Ашық жүрек» жобасын жүзеге асыру	ақпарат	Директордың ТІЖ орынбасары Топ жетекшілері	ақпан
3.	1 курс студенттерінің бейімделуіне байланысты сауалнамалар жүргізу	хаттама	Педагог-психолог Топ жетекшілері	қазан
4.	18 қазан – Рухани келісім күні. «Рухани келісім – халықтар бірлігіне бастар жол» құқық қорғау органдары, діни бірлестік қызметкерлерімен кездесу	ақпарат	Жастар ісі жөніндегі комитет Топ жетекшілері	қазан
5.	Әлеуметтік, қайырымдылық жобаларды әзірлеу және орындау, "Қамқорлық", «Біз біргеміз!», Қызыл ай қоғамының акцияларына қатысу	ақпарат	Директордың ТІЖ орынбасары Топ жетекшілері	желтоқсан- маусым
6.	«Мен донормын» донор күнін өткізу	ақпарат	Директордың ТІЖ орынбасары Топ жетекшілері	сәуір

3. Бағыты: ұлттық тәрбие  
 Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсетуге бағыттау.

1.	Қазақстан Республикасының халықтарының тілдер күніне арналған қалалық іс шарасына қатысу	ақпарат	Директордың ТІЖ орынбасары Әдістемелік кабинет меңгерушісі	қыркүйек
2.	«Әсемдік әлемінде» қыз балаларды көпбалалы, үлгілі отбасылары аналарымен кездесу	ақпарат	Директордың ТІЖ орынбасары	қараша
3.	«Сарыарқа серісі»жігіттер сұлтанын анықтау	ақпарат, есеп	Директордың ТІЖ орынбасары Топ жетекшілері	желтоқсан
4.	«Қош келдің, Наурыз» мерекесіне арналған іс шара	ақпарат, есеп	Директордың ТІЖ орынбасары Жастар ісі жөніндегі комитет Топ жетекшілері.	наурыз
5.	Ұлттық ойындар сайысы	ақпарат, есеп	Дене тәрбиесі пәнінің оқытушылары	наурыз

4. Бағыты: Отбасылық тәрбие  
 Мақсаты: ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

1.	«Бақытты отбасы» жетекшілік сағаттары	хаттама	Топ жетекшілері	қыркүйек
2.	«Ата-аналардың құқықтары мен міндеттері» жалпыколледжішілік ата-аналар жиналысы	хаттама	Әкімшілік Жастар ісі жөніндегі комитет Топ жетекшілері, Педагог-психолог	қыркүйек
3.	«Ата-ана – колледж-студент» ата аналар мектебі жобасына қатысу	хаттама	Директордың ТІЖ орынбасары Тәрбие және ӘЖЖӘ әдіскері	жыл бойы
4.	«Заң және біз» колледж ережелерімен, жарғысымен, ҚРӨҚБТК, ҚРҚК-мен, заңдармен таныстыру	хаттама	Директордың ТІЖ орынбасары ЖІЖ инспектор, топ жетекшілері	қыркүйек сәуір
5.	Қарттар күніне арналған "Қарты бар үйдің – қазынасы бар" тәрбие сағаты	ақпарат	Директордың ТІЖ орынбасары Жастар ісі жөніндегі комитет	қазан
6.	«Отбасылық дәстүрлер» бейнероликтер байқауы	ақпарат, есеп	Директордың ТІЖ орынбасары ЖІЖ инспектор, топ жетекшілері	ақпан
7.	«Әке көрген, оқ жонар» әкелер слеті	ақпарат, есеп	Директордың ТІЖ орынбасары ЖІЖ инспектор, топ жетекшілері	сәуір
8.	Студенттердің тұрмыстық үй жайларын тексеру	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог, топ жетекшілері	ТЖТ акт
5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту.				
1.	«Таза бейсенбілік» ғимарат ішін, жатақхана, кабинеттерді тазалау	ақпарат	Директордың ТІЖ орынбасары Топ жетекшілері, Тәрбиеші Комендант	жоспарға сай
2.	«Сенбіде - сенбілікке» экологиялық айлыққа қатысу	ақпарат	Директордың ТІЖ орынбасары Топ жетекшілері, Тәрбиеші, шауаршылық ісі жөніндегі меңгеруші	жоспарға сай
3.	«Жасыл ел» студенттік құрылыс қозғалысына қатысу	ақпарат	Директордың ТІЖ орынбасары Топ жетекшілері	қазан, маусым
4.	«Менің жобам» жас кәсіпкерлер сайысы	ақпарат	Директордың ТІЖ орынбасары Топ жетекшілері	қараша
5.	«Теңге тиыннан» 15 қараша ұлттық валюта күніне арналған интеллектуалды сайыс	ақпарат, есеп	Директордың ТІЖ орынбасары Топ жетекшілері	қараша
6. Бағыты: Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу Мақсаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық, оның ішінде балалардың кибермәдениеті мен кибергигиенасы бойынша мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.				
1.	«Кибер қауіпсіздік» дөңгелек үстел	ақпарат, есеп	Директордың ТІЖ орынбасары ЖІЖ инспектор, топ жетекшілері	қараша

2.	Интеллектуалды іс шаралар (квест, ойындар, турнир және акциялар)	ақпарат, есеп	Директордың ТІЖ орынбасары ЖІЖ инспектор, топ жетекшілері	жыл бойы
3.	«Оқуға құштар колледж» аясында танымал тұлғалармен кездесу	ақпарат, есеп	Директордың ТІЖ орынбасары ЖІЖ инспектор, топ жетекшілері	ақпан
4.	«XIX ғасыр көшбасышысы» интеллектуалды ойын	ақпарат, есеп	Директордың ТІЖ орынбасары ЖІЖ инспектор, топ жетекшілері	сәуір

7. Бағыты: көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие  
Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы" мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру.

1.	«Ақиқат» дебат клубының жаңа құрамын бекіту	ақпарат	Директордың ТІЖ орынбасары Топ жетекшілері	қыркүйек
2.	«Қош келдің, студент!» студенттер қатарына қабылдау кеші	ақпарат	Директордың ТІЖ орынбасары Жастар ісі жөніндегі комитет	қазан
3.	Темір жол саласында жетістікке жеткен танымал тұлғалармен кездесу	ақпарат	Директордың ТІЖ орынбасары Топ жетекшілері	қараша
4.	Ақ жол, қымбатты жас түлек! – колледж бітірушілер кеші	ақпарат, есеп	Директордың ТІЖ орынбасары ЖІЖ инспектор, топ жетекшілері	маусым

8. Бағыты: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты  
Мақсаты: Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтауды білу үшін кеңістік құру.

1.	Студенттердің медициналық тексерістен өткізуін ұйымдастыру	анықтама	Медбике Топ жетекшілері	кесте бойынша
2.	«Тазалық – денсаулық кепілі, денсаулық-байлық негізі» Медицина қызметкерлерімен кездесу, тренингтер өткізу онлайн форматта	хаттама	Медбике, Топ жетекшілері	қыркүйек, қараша, сәуір
3.	1 курс студенттері арасында мини футболдан жолдастық кездесу	ақпарат	Дене тәрбиесі оқытушылары	қыркүйек
4.	Дөңгелек үстел «Дені саудың жаны сау» (мамандардың қатысуымен: гинеколог, венеролог, нарколог)	анықтама	Директордың ТІЖ орынбасары Медбике	кесте бойынша
5.	Сабактан тыс ашық іс-шаралар (есірткіні, темекіні шегуді алдын алу) «Денсаулық – зор байлық» СӨС қызметкерлерімен кездесулер	Ақпарат	Медбике, Топ жетекшілері Педагог-психолог	қазан, қараша, наурыз
6.	«Дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күрес күні» - дәріс	Ақпарат, хаттама	ТӘЖЖ әдіскер, Медбике Топ жетекшілері	қараша

7.	Ұлттық спорт түрлері бойынша сайыстар өткізу	Ақпарат	дене тәрбиесі оқытушылары	кесте бойынша
8.	Қалалық спартакиадаға қатысу	Ақпарат, сеп	дене тәрбиесі оқытушылары	кесте бойынша